

Баймағамбетова Бағыла Бірмағамбетқызы 1951 жылы 10 ақпанда Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді ауылында дүниеге келген. Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтын 1972 жылы француз тілі мұғалімі мамандығы бойынша бітірген.



Еңбек жолын 1972 жылы Жітіқара қаласында орта мектепте мұғалім болып бастады. 1975-1979 жылдары Қазақстан ЛКЖО Жетіқара қалалық комитетінің хатшысы, нұсқаушы, Қазақстан ЛКЖО Қостанай облыстық комитетінің бөлім меңгерушісі болып жұмыс істеді.

1981 жылы Алматы жоғары партия мектебін бітіргеннен кейін Қарасу аудандық халық депутаттары кеңесі төрағасының орынбасары, одан кейін ҚКП Қостанай облыстық Комитеті Федоров аудандық комитетінің хатшысы, Қостанай облыстық халық депутаттары кеңесі төрағасының орынбасары, ҚКП Қостанай облыстық комитетінің хатшысы, одан кейін екінші хатшысы, Қостанай облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды. 1992-1995 жылдар аралығында Қостанай облысы Әкімшілігі Басшысының орынбасары. 1995-1998 жылдары Қостанай облысы білім департаментінің директоры, 1998 жылдан 2002 жылға дейін Қостанай облысы әкімі аппаратының басшысы, 2004 жылы Қостанай облысы әкімінің орынбасары болды.

Бағыла Бірмағамбетқызы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің III және IV шақырылымдарының депутаты болып сайланды, онда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы, Қазақстан Республикасы Парламентінің «Отбасы» халықтың қоныстануы және дамуы жөніндегі депутаттық тобының мүшесі, ҚР Парламенті Мәжілісі мен РФ Мемлекеттік Думасы арасындағы Палатааралық ынтымақтастық жөніндегі комиссияның тең төрағасы, Парламентаралық Одақтың әйел-парламентарийлерінің үйлестіру кеңесінің мүшесі, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі болды.

Қазіргі уақытта – «Қазпочта» АҚ президентінің кеңесшісі, әлеуметтік мәселелерді шешуге жетекшілік етумен және оларды шешуді ұйымдастырумен айналысады.

Сіңірген еңбегі үшін мемлекеттік және халықаралық наградалармен, «Құрмет» орденімен, көптеген медальдармен, ТМД ПАА Құрмет грамотасымен, «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» белгісімен марапатталған. Тарих ғылымдарының кандидаты атағы бар.

Қостанай облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 558 шешімімен Б.Б. Баймағамбетоваға «Қостанай облысының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Баймагамбетова Багила Бирмагамбетовна родилась 10 февраля 1951 года в с. Амангельды; Амангельдинский район, Кустанайская область. Окончила Кустанайский государственный педагогический институт в 1972 году по специальности учитель французского языка.



Трудовую деятельность начала учителем средней школы города Жетыгара в 1972 году. работала секретарем Жетыгаринского горкома ЛКСМ Казахстана, инструктором, заведующей отделом Кустанайского обкома ЛКСМ Казахстана в 1975-1979 годы.

Затем по окончании Алма-Атинской высшей партийной школы в 1981 году назначена заместителем председателя Карасуского районного совета народных депутатов; затем секретарем Федоровского райкома Кустанайского обкома КПК; заместителем председателя Кустанайского областного Совета народных депутатов; секретарем, затем вторым секретарем Кустанайского обкома КПК; заместителем председателя Кустанайского облисполкома. В период с 1992 по 1995 годы - заместитель Главы администрации Кустанайской области. Директор департамента образования Костанайской области с 1995-1998 годы; руководитель аппарата акима Костанайской области с 1998 по 2002 годы; заместитель акима Костанайской области по 2004 год.

Багила Бирмагамбетовна избиралась депутатом Мажилиса Парламента Республики Казахстан III и IV созывов, где была секретарем Комитета по международным делам, обороне и безопасности Мажилиса Парламента Республики Казахстан, членом депутатской группы Парламента Республики Казахстан по народонаселению и развитию «Отбасы», сопредседателем Комиссии по межпалатному сотрудничеству между Мажилисом Парламента РК и Государственной Думой РФ, членом Координационного Совета женщин-парламентариев межпарламентского союз; членом Комитета по международным делам, обороне и безопасности.

В настоящее время - советник президента АО «Казпочта», занимается кураторством и организацией решений социальных вопросов.

За многочисленные заслуги награждена государственными и международными наградами: орденом «Құрмет»; многочисленными медалями; Почетной грамотой МПА СНГ, Знаком «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері». Имеет звание кандидат исторических наук.

Решением Костанайского областного маслихата № 558 от 10 декабря 2020 года Баймагамбетовой Б.Б. присвоено звание «Почетный гражданин Костанайской области».